



Еуропа қайта құру және даму банкі

# ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРДІ БАҒАЛАУ БОЙЫНША ҚОСЫМША ЕСЕП

---

Ұзындығы 67 шақырым Қапшағай қ. - Құрты кенті жол телімін қайта салу жобасы, Қазақстан





Еуропа қайта құру және даму банкі

# ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРДІ БАҒАЛАУ БОЙЫНША ҚОСЫМША ЕСЕП

Ұзындығы 67 шақырым Қапшағай қ. - Құрты кенті жол телімін қайта салу жобасы, Қазақстан

ҚҰЖАТ ҮЛГІСІ (НҰСҚА) ҚҰПИЯЛЫ

ЖОБАНЫҢ № 70048319  
БІЗДІҢ ТІРКЕУ № 1-НҰСҚАPROJECT REF

КҮНІ: 2018 ТАМЫЗ



Еуропа қайта құру және даму банкі

# ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРДІ БАҒАЛАУ БОЙЫНША ҚОСЫМША ЕСЕП

Ұзындығы 67 шақырым Қапшағай қ. - Құрты  
кенті жол телімін қайта салу жобасы, Қазақстан

WSP  
2 Лондон сквер  
Кросс лейнз  
Гилфорд, Суррей  
GU1 1UN  
Тел. +44 148 352 8400

[WSP.com](http://WSP.com)



# САПАНЫ БАҚЫЛАУ

Жоба/өзгеріс	Жоба	Бірінші шығарылым	1-өзгеріс	2-өзгеріс
Ескертпелер	Клиент ескертулері үшін жоба	Соңғы нұсқа		
Күні	31.07.18	09.08.18		
Дайындалды	Дж. Уорхерст	Дж. Уорхерст		
Қолы				
Тексерілді	В. Торп/ Р. Бейли	Р. Бейли		
Қолы				
Рұқсат берді	С. Битон	С. Битон/Н.Баркер		
Қолы				
Жобаның №	70048319	70048319		
Есептің №	1-нұсқа	2-нұсқа		
Файлға сілтеме	Central Data/ 70048319	Central Data/ 70048319		



# МАЗМҰНЫ

---

1	ТЕХНИКАЛЫҚ ЕМЕС ҚЫСҚАША СИПАТТАМА	1
1.1	ТЕХНИКАЛЫҚ ЕМЕС ҚЫСҚАША СИПАТТАМАНЫҢ МАҚСАТЫ	1
1.2	ОСЫ ӘЭӘЕ ҚОСЫМША ЕСЕБІНІҢ МАҚСАТЫ	1
1.3	ЕҚДБ ЖОБАҒА ҚОЯТЫН ТАЛАПТАРЫ	1
1.4	ЖОБАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ	2
1.5	МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ ҚАТЫСУЫ	2
1.6	БАЛАМАСЫН ҚАРАСТЫРУ	3
1.7	ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САЛДАРЛАРДЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ	3
1.8	ЖИЫНТЫҚТЫ ӘСМЕРЛЕРДІ БАҒАЛАУ	12
1.9	ҚОСЫМША АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚАТЫНАС ДЕРЕКТЕРІ	12



# 1 ТЕХНИКАЛЫҚ ЕМЕС ҚЫСҚАША СИПАТТАМА

---

## 1.1 ТЕХНИКАЛЫҚ ЕМЕС ҚЫСҚАША СИПАТТАМАНЫҢ МАҚСАТЫ

Осы техникалық емес сипаттама (ТЕҚС) әлеуметтік және экологиялық әсер ету туралы Қосымша есептегі (ӘЭӘЕ) мәліметтерді жеңіл және түсінікті нұсқада ұсынады. ТЕҚС мақсаты – сарапшы емес адамдарға қоғамдастыққа Жобаны, ӘЭӘЕ қосымша үрдісін сипаттау, қолайлы және қолайсыз экологиялық және әлеуметтік әсер ету және олардың салдарларын, сонымен қатар Жобамен байланысты жеңілдетілген шараларды түсіндіруге, ұғындыруға көмек көрсету.

## 1.2 ОСЫ ӘЭӘЕ ҚОСЫМША ЕСЕБІНІҢ МАҚСАТЫ

ӘЭӘЕ қосымша есебі Қазақстандағы Астана мен Алматы қалаларын байланыстыратын (бұдан әрі - Жоба), «орталық-оңтүстік» коридоры құрамында 67 километр (км) қашықтықты Қапшағай-Құрты учаскесін реконструкциялау үшін қаржыландыру ұсыну туралы мәселені қарайды. Қаржыландыруды Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму Министрлігі құрамындағы автомобиль жолдары Комитеті сұратады.

ӘЭӘЕ қосымша есебінің құрамына ықтимал барынша әсер ету және қажетінше оны жеңілдету бойынша шараларды қарау үшін ҚОӘБ жергілікті әзірлеушілері дайындаған қоршаған ортаға әсер етуді жергілікті бағалау (ҚОӘБ) бойынша қосымша мәліметтер кіреді.

## 1.3 ЕҚДБ ЖОБАҒА ҚОЯТЫН ТАЛАПТАРЫ

Еуразиялық қайта құру және даму банкінің талаптары:

- Жоба ЕО экологиялық стандарттарына сәйкес құрылуы тиіс, оның құрамына (бірақ бұнымен шектелмейді): нақты бір мемлекеттік және жеке жобалардың қоршаған ортаға әсерін бағалау (бұдан әрі - ҚОӘБ) туралы 2011/92/ЕС Дерективаға енгізілген Европалық парламент пен Кеңестің түзетулері бар 2014/52/ЕС Деректива;
- Егер қабылдайтын елдің ережелері ЕО нормативті экологиялық стандарттарынан айырмашылығы болса, Жоба барынша қатал ережелерге сәйкес келуі тиіс;
- Жоба 2014 жылғы (жүзеге асыру талаптары) жүзеге асыру талаптары мен ЕҚДБ экологиялық және әлеуметтік саясатына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс, оның мәні төмендегідей:
  - 1ЖТ: Экологиялық және әлеуметтік бағалау, басқару;
  - 2ЖТ: Еңбек және жұмыс жағдайлары;
  - 3ЖТ: Ластанудың алдын алу және онымен күресу;
  - 4ЖТ: Қоғамдық денсаулық, еңбекті қорғау және қауіпсіздік;
  - 5ЖТ: Жер алу, мәжбүрлі түрде қоныс аударту және экономикалық ауыстыру;
  - 6ЖТ: Биоалуантүрлілікті сақтау және тірі табиғи ресурстарды тұрақты басқару;
  - 8ЖТ: Мәдени мұра;
  - 9ЖТ: Қаржылық делдалдар және басқалары;
  - 10ЖТ: Жария болған мәліметтер және мүдделі тараптардың қатысуы.
- Қоғамдастыққа консультация жасау және мүдделі тараптардың өзара әрекеті Жобаға сәйкесті бейімделеді, конструктивті болады және (10ЖТ сәйкес) шешімдер қабылдау үрдісінде қоғамдастықтың қатысуын қамтамасыз етуге және ақпарат ұсынуға бағытталады;

- Жоба экологиялық және әлеуметтік жағдайлардағы кез келген қолайсыз өзгерістерді жеңілдету немесе минимизациялау, олардың алдын алу үшін барлық ойға қонымды шараларды қарастыруы, сонымен қатар қоғамдық денсаулық пен қауіпсіздікке әсер етуі, әсіресе жынысына, жасына, этникалық шығу тегіне, мүгедектігіне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне және/немесе басқа да тұлғалық сипаттамаларына қарамастан кез келген адамдар тобына негізсіз әсер етуге қатысты болуы тиіс;
- Ол ұлттық заңнамада берілген түрінде, экологиялық және әлеуметтік мәселелерге қатысты сәйкесті барлық халықаралық конвенциялар мен хаттамаларға есебімен жүзеге асырылады.

## 1.4 ЖОБАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Жоба Алматыдан солтүстікке қарай шамамен алғанда 60 км қашықтықта орналасқан және шығыстан батысқа қарай бағытталған. Жобалық шешімдер тұтастай алғанда қолданыстағы екі жолақты жолдың Р-18 профиліне сәйкес келеді. Жоба Қапшағай қаласының шетінен бастап А3 автожолын қосады және Құрты ауылының шетінде М-36 дейін батысқа қарай 67 км өтеді. Жобаның орналасқан жері А Қосымшасында, В Қосымшасында және Д Қосымшасында көрсетілген.

Жоба төмендегіні қарастырады:

- екі жолақты қозғалысты қолданыстағы жолдарды реконструкциялау және төрт қозғалысты жолаққа дейін кеңейту (Қазақстандық 2 техникалық санаты);
- көпірді реконструкциялау және жол қиылыстарын модернизациялау;
- Құрты ауылының маңынан жаңа жол түйіндерін салу;
- ілеспе (қосымша) инфроқұрылымдар, соның ішінде: қозғалысты шегіндіру жолағы, ірі қара малға және ауылшаруашылығы техникасына, дренажды құбырларға арналған жерасты өткелдері, демалу аймақтары, автобус аялдамалары, жаяу жүргінші жолдары, жарық беру және екі жол пайдалану бекеті ЖПБ.

Автожолды реконструкциялау қазақстандық стандарттар бойынша 1b техникалық санатына ауыстырылады. Жолдың қолданыстағы асфальтбетон жабынының тиімді пайдалану мерзімі аяқталған, және жол жабынының қызмет ету мерзімі мен жоғары көлік жүктемесіне байланысты жолдың жағдайы тез нашарлауды. Осыған байланысты, жолда жүру сапасын жақсарту, автожолдарды пайдаланушылардың шығындарын азайту үшін шұғыл түрде жолдарды реконструкциялау қажет және де жолдарды экономикалық тиімді ұстауды қамтамасыз ететін жабын салу қажет. Сонымен қатар, жолдарды кеңейту жол қозғалысы қауіпсіздігін жақсартады, себебі осы уақытта жолда әрі бағытқа бір жолақтан орналасқан, жүргізушілер көлік құралдарын басып озу үшін және жол бұдырларын айналып өтуі үшін қарама-қарсы бағытқа шығуға мәжбүр.

Жобаның шолу сызбасы А Қосымшасында ұсынылған.

Жобаны жүзеге асыру нәтижесінде жол қашықтығы біршама қысқартылады деп күтілуде, осы уақытта солтүстіктен Қапшағай қаласына келетін жүргізушілер Қапшағайға Құрты ауылының жанынан бұрылудың орнына Қарайой арқылы (125 км) М36 тасжолын пайдаланады. Осы жол реконструкцияланғаннан кейін біріншінің орнынан жүргізушілер барынша қысқа бағытты (67 км) пайдаланады деп болжанады.

Құрылыстың басталуы 2019 жылдың 1-2 тоқсанына жоспарланған және 37-43 ай ішінде аяқталады. Жоба пайдалануға 2021-2022 жылдары беріледі.

## 1.5 МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ ҚАТЫСУЫ



Қазақстан Республикасының (ҚР) ұлттық заңнамасына сәйкес мүдделі тааптармен өзара әрекет жасау және қоғамдық тыңдалымдар міндетті болып табылады. Нақты Жобаға қатысты екі бұқаралық отырыс өткізілді, бұқаралық отырыстар төменде сипатталған:

- 2015 жылдың 3 желтоқсаны Құрты ауылдық округінің әкімдігінде, Ақши ауылында. Шараға шақыру және қандай мәселелер талқыланатыны туралы қосымша ақпарат 2015 жылдың 13 қарашасы жергілікті «Іле таңы» газетінде орыс және қазақ тілдерінде жарияланды. Хабарлама қоғамдық консультация (кеңес) өткізу талаптарына сәйкес бағытталды, ол үшін хабарламаның жариялануы мен кездесу өткізу арасында 20 күн мерзімі өтуі талап етіледі.

Бұқаралық жиналысқа жергілікті тұрғындар қатысты (барлығы 22 адам). Олардың арасында фермерлер (шаруалар), Құрты ауылдық округінің басшысы және Жобаның бас инженері болды.

- 2016 жылдың 15 мамыры Қапшағай қаласының әкімдігінде ҚазАвтоЖол компаниясы мен Қапшағай қаласының әкімдігі бірлесіп кездесу ұйымдастырды, Шараға шақыру және талқыланатын мәселелер туралы қосымша ақпарат 2016 жылдың 8 маусымы жергілікті «Нұрлы ӨЛКЕ» газетінің № 25 (382) жарияланды. Қоғамдық консультация (кеңес) өткізу талаптары бойынша хабарламаның жариялануы мен кездесу өткізу арасында 20 күн мерзімі өтуі қажет, ал бұл алдын ала хабарлама беру мерзімі сақталмауына орай аталған талаптаға сай келмейді. Газетте жариялаудан басқа, осы аймақтағы барлық тұрғын үйлердің пошта жәшіктеріне, Қарлығаш ауылында орналасқан барлық кәсіпорындарға бұқаралық тыңдалымдар туралы ақпараты бар плакаттар ілінген. Бұл кездесуге жергілікті тұрғындар, жобаның инженері, Қапшағай қаласының қоғамдық көлік және автожолда бөлімінің бастығы, Қапшағай қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімінің бастығы және ҚазАвтоЖол АҚ өкілі қатысқан (барлығы 16 адам).

Бұқаралық жиналысқа қосымша Астана мен Алматы қалаларын байланыстыратын «орталық-оңтүстік» барлық коридорының аясығда Қапшағай қаласы шекарасында жобалық шешімді бекіту үшін жиналыс өткізілді. Кездесу 2016 жылдың 2 маусымы Қапшағай қаласының әкімдігінде өтті. Жиналысқа ҚазАвтоЖол АҚ өкілдері, Қапшағай қаласының түрлі департаменттерінің өкілдері, Жер қатынастары бөлімі, Астана Инженеринг орталығы және жер активтерінің Ғылыми-өндірістік орталығы қатысты. Нысаға екі рет бару кезінде (2018 жылдың сәуірі және 2018 жылдың шілдесі) жол маңында орналасқан ұйшаруашылықтары мен кәсіпорындарға, сонымен қатар (шығыстан батысқа қарай): NS1.8 жанындағы пластмасса өндіретін жабық зауытқа, NS1.8 жанында орналасқан қолданыстағы асфальтбетон зауытына, жабық қоқысқа, S4.06 фермаға, 11 фермаға, 9 фермаға, 33 фермаға, 21 фермаға, 22 фермаға, 5 фермаға және 4 фермаға барылды. Фермалар мен кәсіпорындардың орналасқан жерлері В Қосымшасында берілген. Фермалар негізінен үй жануарларын (жылқы, ірі қара мал, қой-ешкі және т.т.) өсірумен айналысады. Екі сапар барысында сұрау салынған фермерлер осы жобаға қуанышты екенін, Алматыға бару уақытын қысқартатындықтан жолдардың жақсаратыны туралы айтты.

## 1.6 БАЛАМАСЫН ҚАРАСТЫРУ

2016 жылдың 2 маусымында өткізілген кездесуде Қапшағай қаласының шекарасында тасжол салудың үш балама сұлбасы ұсынылды және қаралды. Жиналыс нәтижесі бойынша А Қосымшасында ұсынылған соңғы жоба бекітілді.

Жобаның балама (альтернативті) сұлбасы қаралған жоқ, себебі нысанның тікелей жақын орналасқан кедергілер бар, олардың ішіне фермалар және төбешікті ландшафт. Қолданыстағы профильді және автомобиль жолдарына телінген аймақты пайдалану жобаға жерлерді сатып алу қажеттілігін қысқарту мүмкіндіктерін береді.





## 1.7 ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САЛДАРЛАРДЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

### 1.7.1 АУА САПАСЫ

Жобамаңындағы ауаның сапасы Европалық одақ (ЕО), Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) мен Қазақстанның аздаған мазасыздық туғызатын, ластаушы заттары бар азот қостотығына (NO<sub>2</sub>) қатысты көрсеткіштерден аспайды деп ойлаймыз, себебі Жоба ауылдық жерлермен өтеді.

Орын алуы ықтимал қатты бөлшектердің шоғырлануы 10 микрометрге диаметрмен (PM<sub>10</sub>) және құрған ауа райына байланысты шаң табиғи көтерілуі мүмкін. Дегенмен, ЕО, ДДҰ және Қазақстанның көрсеткіштерінен асып кету мүмкіндігі өте төмен. .

#### 1.7.1.1 ҚҰРЫЛЫС

Жоба бойынша құрылыс жұмыстары барысында үлкен шаң туындауы мүмкін. Жобадан 50 м шекте бірнеше тұрғын нысан орналасқан, олар адамның денсаулығына зиян келтіретін шаңның туындауынан зардап шегуі мүмкін. Дегенмен құрылыс алаңдарын басқарудың тиісті тәжірибесін қолдану, шаң туындауын бақылау Жоспары және құрылыс барысында қоршаған ортаны қорғау Жоспары (ҚҚОҚЖ) аясында тиісті жеңілдету шараларын қолданғаннан кейін құрылыстың ауа сапасына әсері төмен (аз) болады деп күтілуде.

#### 1.7.1.2 ПАЙДАЛАНУ

Бағыт ашылғаннан кейін көлік ағынының ұлғаюына байланысты ауа сапасының Жобаға 50 м қашықтықта орналасқан тұрғын үйлерде тұратын адамдарға әсері үлкен емес. Пайдалану кезеңінде әсерді жеңілдету үшін қосымша шаралар ұсынылмайды.

### 1.7.2 БИОЭРАЛУАНДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ТІРІ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР

Жоба палеарктикалық биогеографиялық аймақта орналасқан; және де далалық ландшафтық аймақпен байланысты. Жоба бірінші кезекте ауылшаруашылығын дамытумен байланысты антропогенді әсері бар таулы аймақтың бөктерінде орналасқан. Жоба аймағында ашық ауылшаруашылығы ландшафты басым, оның ауылшаруашылығы жерлерінен жалғыз көріністі айырмашылығы желілік нысандар және шағын ормандар болып табылады. Бұл аймақтағы жануарлар түрлерінің байлығы шектелген және аумақ бойынша ауылшаруашылығымен бұзылған барлық аймақтарға ұқсас.

Жақын әйгілі табиғатты қорғау нысандары: Алтын Емел ұлттық саябағы (шамамен алғанда шығысқа қарай 132 км.) және Іле өзенінің атырауы, Балхаш көлінің оңтүстік бөлігіндегі Рамсар ауданы (шамамен алғанда солтүстік – шығысқа 200 км). Қорғалатын аймақтармен арадағы қашықтықты есепке ала отырып Жоба мен Жобаның сипаты қорғалатын аймақтарға әсер етпейді деп күтілуде.

#### 1.7.2.1 ҚҰРЫЛЫС

Құрылыс жұмыстары жүргізілетін аймақты бұзуға құрылыстың әсері барынша төмен, ол жер осы уақытта өзгертілген, шағын табиғи/жартылай табиғи өсімдіктер бар, олар аздаған ағаштар және бұтақтасындар.

Шағын орналасуды бағалау арқылы жартылай табиғи ортаны бұзудан сақтауға болады. Егер мүмкін болса қорғалатын өсімдік әлемін анықтау үшін жергілікті биоалуандылық бойынша білікті мамандардың күшімен құрылыс басталғанға дейін барлық ағаштар мен ғимараттарды тексеру жүргізу қажет, және де зардаптарды жеңілдету стратегиясын әзірлеу брасында толық көлемде есепке алу қажет. Бұл құстар мен мекендеу ортасы туралы ЕО Дерективасын сақтауды қамтамасыз етеді (ЕҚДБ 6ЖТ бойынша талаптар).

Ұя салатын құстарға тікелей әсер етудің алдын алу үшін өсімдік жабынын алу бойынша жұмыстар құстардың көбейтін уақытында жүргізілмеуі тиіс.

Өсімдіктермен байланысты қандайда бір маңызды залалдар келтірілмейді деп күтілуде, дегенмен бұл нәтижелерді растау үшін қосымша зерттеулер және бағалаулар қажет.

Құрылыс жұмыстары жануарлар өміріне әсер етпейді деп күтілуде, себебі құрылыс алаңына келуі мүмкін жануарлардың (үй жануарларды және тағы жануарлар) зақым алуы және өлуі қауіпсіз жоқтыңқасы. Және де ол барлық ашық экскаватор жұмыстары барысындағы қауіпсіздік, қауіпсіз тәсілмен сақталуы тиіс және пайдаланылмаған кезде қауіпті материалдар мен құрал-жабдықтарды



күзетуді қамтамасыз ету арқылы төмендетіледі. Құрылуы тиіс қоршау үй және тағы жануарлардың құрылыс алаңына өтуінің алдын алуды қамтамасыз етеді.

### 1.7.2.2 Пайдалану

Жобаны пайдалану барысында көлік ағынының ұлғаюына байланысты (үй-тағы) жауарлар өлімінің қатері өсуі мүмкін. Дегенмен, Жоба бойынша жобалық шешімдер ірі қара мал үшін сеткалы қоршауларды және жерасты өткелдерін қарастырады, бұл аумақта күзетілетін/ сирек түрлердің байқалмауына орай биоәраландылыққа үлкен әсер ету күтілмейді.

### 1.7.3 АУА-РАЙЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ

Бағалауда Жобаның төмендегі әсерлері мен зардаптары қаралады:

- Жобаның ауа-райының өзгеруіне әсері: парникті газдардың лақтырындыларын (ПГ) бағалау, сонымен қатар ауа-райының өзгеруіне жобаның осалдылығы: тұрақтылықты бағалау және ауа-райының өзгеруіне бейімделу.

#### 1.7.3.1 ПАРНИКТІ ГАЗДАРДЫҢ ЛАҚТЫРЫНДЫЛАРЫ

Парникті газдар атмосферада пайда болатын, инфроқызыл сәуле жұтатын және шығаратын, сонымен Жер атмосферасында Күн энергиясын қолдайтын табиғи және жасанды газдардан тұрады. Дүниежүзінің ғалымдары техногенді көздерден шығатын ПГ шоғырлануының өсуі жаһандық жылуға және ауа-райының өзгеруіне қатер тудырады.

Жоба жылына пайдалану барысында тікелу лақтырулар нәтижесінде 25.000 тонна ( $\text{tCO}_2\text{e}$ ) көміртегі қостотығының эквивалентін шығаруы ықтимал және ЕҚДБ ЗЖТ талаптарына сәйкес лақтыруларды бағалауды талап етеді. Дегенмен ЕҚДБ ЗЖТ талаптарына сәйкес лақтыруларды сапалы бағалау қажеттілігі жоқ, ҚОӘБ бойынша Дерективаға және озық тәжірибелерге сәйкес лақтыруларды сандық бағалау жүргізу ұсынылады. Лақтыруларды бағалау жүргізілгенге дейін Жобамен байланысты залалдардың маңыздылығын бағалау мүмкін емес.

Жобаның (PAS 2080 сәйкес) әрбір өміршеңдік кезеңінде парникті газдардың лақтыруларының ықтимал көздері анықталды және ықтимал лақтырулар көлемін сапалы бағалау жүргізілді.

#### ҚҰРЫЛЫС

Құрылыс барысында қандайда бір ықтимал лақтыру көздері орын алады деп ойламаймыз. Нақтылай айтсақ, құрылыс барысында орташа көлемде лақтыру көздері төмендегідей болуы мүмкін:

- қажетті шикізат алумен байланысты лақтырулар;
- құрылыс алаңына және құрылыс алаңынан материалдар тасымалдайтын көлік құралдары пайдаланатын жанар-жағармай мен электрқуатын жағудан пайда болатын лақтырулар;
- нысанда пайдаланылатын қондырғылар мен жабдықтардың жанар-жағармай мен электрқуатын жағудан пайда болатын лақтырулар.

#### Пайдалану

Пайдалану кезеңінде жол пайдаланушылардың автомобильдерінің лақтырулары үлкен лақтыру көздері болуы мүмкін. Пайдалану кезеңінде басқа көздерден туындайтын лақтырулар көлемі аз болады.

#### 1.7.3.2 АУА-РАЙЫНЫҢ ӨЗГЕРУІНЕ ОСАЛДЫЛЫҚ

Жобаның ауа-райының өзгеруіне әсер етуінің осалдылығын бағалау Қазақстан үшін ауа-райының тарихи және болжанатын деректері негізінде жүргізіледі.

Тұтастай алғанда ауа-райының өзгеруі нәтижесінде қыс барынша ылғалды, ал жаз барынша құрғақ болады деп күтілуде, осы орташаланған өзгерістер арасында экстрималды жауын-шашын орын алған. Ауа-райының өзгеруі жаз бен қыс температураның экстрималды ауытқуымен барынша жылы болады деп күтілуде.



Бағалау нәтижесінде ауа-райының негізгі ықтимал әсер етуі:

- Суға кету және дренажды инфроқұрылымның толуына әкелетін қатты жаңбыр;
- Жол жабыны/үстін қоса алғанда материалдардың зақымдалуына немесе жылдам тозуына әкелетін жоғары температуралар және қондырғыларға жоғары жылу жүктемесінің әсері;
- Қондырғыларға жүктемені ұлғайтатын қатты желдер және жол қозғалысына қатысушыларға әсері;
- Жер құрылысының тұрақтылығын төмендететін топырақ тығыздықтары мен бұдырларының көбеюі;
- Жерасты сулары деңгейінің өзгеруі, бұл төсеме қабаттардың отыруына әкелуі мүмкін.

#### 1.7.4 МӘДЕНИ МҰРА

Ұлттықзаңнамағасәйкесжүргізілгенбұрынғызерттеулеросыжолкоридорындаәктімәденимұранысанда рыныңжоқтығынкөрсетті. Жиналған ақпарат осы жерде белгісіз археологиялық қалдықтарды табу мүмкіндігі жоқтыңқасы екенін куәландырады.

##### 1.7.4.1 ҚҰРЫЛЫС

ЕҚДБ талаптарына сәйкес 8 жүзеге асыру үшін Оқыстан анықтау рәсімін жүргізуді ұсынады. Құрылыс барысында әлуетті маңызды қалдықтар үшін әсерді жеңілдету үшін мәдени мұраларды басқару Жоспарын (ММБЖ) енгізуді ұсынады. Жергілікті тұрғындар қозғаған кеңес алу нәтижесі бойынша жол бойынан оқыстан табылған ескерткіштер жолдан әрі қарай әкету қажет.

##### 1.7.4.2 ПАЙДАЛАНУ

Пайдалану кезеңінде мәдени мұраға барынша әсер ету күтілмейді.

#### 1.7.5 ІРІ ЖКО МЕН АПАТТАР

Көптеген ірі апаттар мен катастрофалар орын алуы мүмкіндігі бар, дегенмен олардың ықтималдығы мен жиілігі барынша төмен, негізінен заңнама талаптарымен, құлырыс үрдістерімен және мердігерді пайдаланумен немесе жобалау кезеңінде белгіленген талаптарға сәйкес қатерлерді басқарудың арқасында төмен болуы мүмкін.

Катастрофа (апат) қатері активтер, өмір, денсаулық және өмі сүру құралдары түрінде, жеке және жергілікті ауқымды маңызы бар, жергілікті тұрғындар үшін зардап шегулерге әкелуі мүмкін. Катастрофа (апат) қатері халықаралық көмек ретінде қаралатын басқа мемлекет қарапынан жергілікті тұрғындарға көмек қажет етін немесе басқа жергілікті билік өкілі тарапынан көмек қажет ететін қауіпті факторларға әкелуі мүмкін. «Апат» ретінде зардап шегуге немесе залал келтіретін жағымсыз оқиға.

Қоршаған ортаға немесе адам денсаулығына әсер етін ықтимал ірі апаттар және табиғи апаттарға төмендегілер кіреді, дегенмен бұл тізім нақты емес:

- Сейсмикалық оқиғалар: Жоба аймағында жер сілкінісі болу қатері бар, нәтижесінде Жобаның өзіне қауіп төндіруі мүмкін және де одан кейінгі қоршаған орта үшін қолайсыз салдарлар. Сонымен қатар, жолдың қазіргі уақыттағы жағдайымен салыстырғанда жолдың сейсмикалық оқиғаларға осалдылығы көтерілуі екіталай, жобалық шешімдер сейсмикалық қатерлермен байланысты барлық тиісті ұсынымдарға сәйкес және Қазақстан Республикасының жолдарды жобалау және салу стандарттары мен нормаларына, талаптарына сәйкес әзірленеді.
- Экстрималды ауа-райы құбылыстары (мысалы, топансу, қатты қар жаууы): жолдың қазіргі уақыттағы жағдайымен салыстырғанда жолдың экстрималды ауа-райы құбылыстарына осалдылығы көтерілмейді. Жоба қар еруімен байланысты суға кету қаупін қысқартады, себебі жоба бойынша көп дренажды құбыр салуды (орташа алғанда 1,5 км жолға бір трубадан) қарастырған. Жоба қатты қар ұшқынымен байланысты қатерді қысқартады, себебі жол қолданыстағы жер деңгейінен ұзақ қашықтыққа жолды көтеруді қарастырады, бұл жол жабынына қар жиналу ықтималдығын азайтады.
- Ірі құрылыс апаты. Қолданыстағы зағнаманың (мысалы: жолдарды жобалау және салу бойынша ҚР стандарттары, талаптары мен регламенттері) және қауіпсіз жұмыс тәсілін



қолдану рәсімдерінің көмегімен құрылыстағы апаттары мен табиғи залалдармен байланысты апаттар орын алуы азайтылған. Құрылыс басталғанға дейін ҚҚОҚЖ әзірленген, бұл нақты қатерлерді тиісінше жеңілдетуге кепілдік береді.

- Ірі ЖКО: Жоба жолдың қазіргі кезімен салыстырғанда жол қозғалысы қауіпсіздігіне қолайлы есер етеді.

Ықтимал ірі ЖКО және апаттардың алдын алу және басқару бойынша жоспарлар мен рәсімдер ҚҚОҚЖ (құрылыс кезеңінде) және төтенше жағдайларға даярлық және әрекет жасауға дайындық жоспарында (немесе пайдалану кезеңіндегі баламасында) хатталады.

## 1.7.6 ГЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТОПЫРАҚ

Жол айналасындағы аймақ негізінен мал шаруашылығы үшін пайдаанылады. Бағытта асфальтбетон зауытын, пластмасса өндірісі зауытын, ауылшаруашылығы техникасын, қалдықтарды (ағын сулар, көму қалдықтары, жиындық қоқыстар) және майлар мен химикаттар қоймасын қоса алғанда түрлі ықтимал ластау көздері анықталды.

### 1.7.6.1 ҚҰРЫЛЫС

Ықтимал ластау көзімен байланысты қатер топыраққа зерттеу жүргізу және қатерлерді бағалау жолымен, сонымен қатар құрылыс кезеңінде қоршаған ортаны қорғау Жоспарында нақты сипатталған жерлерде тиісті тәжірибе қабылдау нәтижесінде жеңілдетіледі.

### 1.7.6.2 ПАЙДАЛАНУ

Жолдағы құрылыс жұмыстарының сипатты жол негізінде жатқан топырақты ластау мүмкіндігіне кедергі жасайды. Жерасты газдары мен көмілген бетонның және жабдықтардың ықтимал әсері қауіпі топыраққа зерттеу жүргізу және барынша оңтайлы жобалық шешімдер қабылдау жолымен шешіледі.

## 1.7.7 ЛАНДШАФТЫҢ СЫРТҚЫ ТҮРІ

### 1.7.7.1 ҚҰРЫЛЫС

Құрылыс барысында құрылыс техникасын пайдалану, құрылыс жұмыстарын жүргізу, материалдар тасымалдаудан ландшафтқа (табиғатқа) және сыртқы бейнесіне әсер етіледі, бұл шудың көбеюіне, шаңның туындауына және Жобаның бойымен белсенділікке әкеледі, сонымен қатар көлік ағынын басқаруды (құрылыс барысында жолға қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін) талап етеді.

Құрылыс барысында көлік ағынын басқару Жоспарын жүзеге асырудың арқасында көлік ағынының әсері төмендетіледі. Көлік ағыны, қолданыстағы жол жақын орналасқан меншік иелері мен барлық қашықтықтағы жолдарға қолжетімді пайдаланылуы, сонымен қатар кеңейту, қаута профилдеу, су үткізу құбырларын салу барысында да пайдаланылуы ұйымдастырылады. Көпіс құрылысы барысында өтуді қамтамасыз ету үшін уақытша өткелдер орнатылады. Жол қиылысындағы топырақ жолдар үшін баламалы бағыттар қаралады. Жобадан тікелей әсер алмауы үшін жоспарланған жолдан біршама алыс орналасса да қолданыстағы ескерткіштерге қолжетімділік шектелмейді,

Құрылыс жұмыстары өсімдіктерге, жергілікті табиғаттың сипаты мен сыртқы келбетіне (бейнесіне) біршама әсер етуі ықтимал, дегенмен бұл уақытша құбылыс және ҚҚОҚЖ қаралған зардаптарды жеңілдету шараларының көмегімен азайтылады.

### 1.7.7.2 ПАЙДАЛАНУ

Жоба осы учаскеде тасымалдау көлемінің ұлғаяйына әкеледі, сондықтан да жануарлармен соқтығысу және жол-көлік оқиғаларының көп орын алуы, сонымен қатар шу шығуы, жолдың кей бөліктері барынша көп жабын төселетіндіктен және көлік қозғалысына байланысты сырты бейненің бқзулуы және белсенділік орын алуы ықтимал. Сонымен бірге, жануарлар үшін барынша аз қолжетімді жолқиылыстары қамтамасыз етіледі, негізінен шектелген жерасты өткелдері, жолдың ені кең (ені 25 м) және қолданыстағы жер деңгейінен жоғары, бұл жергілікті ландшафтаны оларды біршама айқын етеді. Қозғалыстағы көліктің фаралары Қапшағай қаласындағыбағдаршамдар сияқты боларды жергілікті ландшафтан айқын көрсетеді. Профилмен өзгертілген бағыт учаскелері



телінген аймақтың жергілікті табиғатының сипатын өзгертеді, себебі бұрын өңделмеген жерлерге қатты жабын төселеді.

Пайдалану қызметі нысанның сыртқы бейнесіне, әсіресе бағыт маңынан оқшауланған жерлерге қолайсыз әсер етеді.

Жобаны қоршаған жергілікті көрнекі рецепторларды басқа, әсіресе оқшауланған нысандарда басқа, тіптен шектелген қолжетімді мәліметтер базасы аясында да жеңілдету шараларын есепке ала отырып жергілікті ландшафтың сипатына немесе сыртқы бейнесіне Жобаның қолайсыз әсер етуі күтілмейді.

## **1.7.8 МАТЕРИАЛДЫҚ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ ҚАЛДЫҚТАР**

### **1.7.8.1 Құрылыс**

Жоба аясында материалдарды қолдану және қалдықтардың туындау болжанады. Құрылыс барысында пайдаланылатын материалдыр қатарына асфальт, төсеу қабатының материалдары (тасты материалдар), бетон, болат, ағаш, битумды материалдар, метал және пластмасса кіреді. Нақты кезеңде материал жеткізу, сонымен қатар материалдар құамында өңделетін бөлшектердің көлемі мен көздерін ұсыну мүмкін емес, ықтимал әсерді толықтай бағалау жеткілікті. Дегенмен нысанда алынған мәліметтерден қолданыстағы жолдарды әзірлеу барысында алынатын материалдар алғашқы материалдық ресурстардың әсерін төмендету үшін пайдаланылатынын көрсетті, кейбір құрылыс материалдары үшін Қапшағай қаласына жақын орналасқан жергілікті карьерлер пайдаланылады. Материалдар, олардың көлемі, жергілікті, аймақтық және ұлттық аумақта нақты ресурстардың болуы туралы қосымша ақпарат ұсыну үшін қосымша зерттеулер жүргізу қажет.

Талқыланатын жер жұмыстарының көлемі туралы кейбір ақпарат бар, дегенмен қалдықтар көлемі, сынған бетон, бөлшектелген жол құндырғылары, битумды материалдар, ластанған топырақ немесе өсімдіктер туралы ақпарат жоқ. Нысанға бару кезінде консультация (кеңесу) барысында қалдықтарды қоқыс орындарына шығару туралы шешім қабылданған, ал оларды өңдеу, өңделмеген қалдықтар лицензияланған жергілікті қоқыс төгетін орындарға шығарылады. Күтілетін қалдықта көлеміне қатысты осы уақытта мәліметтер көлемінің шектеулі болуына байланысты, сонымен қатар жергілікті, өңірлік және ұлттық деңгейде қалдықтарды көму мүмкіндігі туралы мәліметтердің жоқтығына байланысты, Жобамен байланысты зардаптардың маңыздылығын бағалау үшін қосымша зерттеулер жүргізу қажет.

### **1.7.8.2 ПАЙДАЛАНУ**

Жобағы минималды материалдар саны қолданылады деп күтілуде, сонымен қатар пайдалану баысында минималдық қалдық шығарылады деп болжанған. Техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар барысында аздаған ғана ерекше материалдар қолданылады (мысалы: маңдайшалар және жарық), сонымен қатар кейбір сусымалы материалдар (асфальт), нәтижесінде аздаған мөлшерді ілеспе қалдықтар туындайды. Талап етілетін барлық материалдар табиғи ресурстарды пайдалануға әсерін тигізеді, бұл жергілікті/ аймақтық қорлардың табиғи ресурстарының азаюына әкеледі, бұл құрылыс материалдарын пайдалануға қолайсыз, тұрақты және тікелей әсер етуіне әкеледі. Қазіргі уақытта қолда бар шектелген ақпаратқа қарамастан кәсіби бағалау салдарлардың барынша аз болатынын көрсетеді, дегенмен осыған сену үшін пайдалану/техникалық қызмет көрсету бойынша ықтимал жұмыстар туралы қосымша ақпарат алу қажет.

Егер қалдықтардан пайдалы материалдар алынбаса, қалдықтарды көметін орынға әсері қолайсыз, тұрақты және тікелей болады. Осы уақтты қолданыста бар ақпараттардың негізінде және кәсіби бағаны пайдалана отырып қалдықтардың пайдалану кезіндегі әсері үлкен емес. Дегенмен, толықтай бағалау үшін пайдалану кезеңінде қалдықтардың қалыптасуы және қалдықтарды көму мүмкіндіктері және аймақтағы көму орындары туралы қосымша мәліметтер қажет.

## **1.7.9 ШУ ЖӘНЕ ВИБРАЦИЯ**

### **1.7.9.1 ҚҰРЫЛЫС**

Алдын ала жұмыстардың басталуымен құрылыс кезеңінің аяқталуы арасында уақытша шу мен вибрацияның әсері орын алады. Егер нысанға материалдары тасымалдау және одан шығару қажет болса, кірме жолдар бойынша қосымша тасымалдың әсері құрылыс коридорының шегінен тыс шығады.



Осы бастапқы кезеңде белгісіз көлемдерде, пайдаланылуы мүмкі құрылыс техникасының түрі мен орналасқан жері белгісіз. Дегенмен, жолдарды реконструкциялау кезінде пайдаланылуы мүмкін жұмыстар сипаты үрдістеріне байланысты, сонымен қатар түнгі мезгілде жұмыстарды орындау мүмкіндігіне байланысты жақын орналасқан тұрғындарға біршама қолайсыздықтар туындауы мүмкін. Дегенмен, Жоба өтетін аймақта тұратын адамдардың аздығын есепке ала отырып (және де жол коридоры мен жақын орналасқан рецепторлар арасындағы арақашықтық), сонымен қатар жұмыстарды уақытша сипатта болуына орай, әсер аз болады. Құрылыс барысындағы шу мен вибрацияның әсері шартпен келісілген талаптар арқылы жеңілдетілуі мүмкін. Сонымен қатар құрылыс жүргізілетін барлық уақытта шу мен вибрация басқару маңызды, ал зардаптарды жеңілдету стратегиясы Мердігер әзірлеген (ҚҚОҚЖ) құрылыс кезінде қоршаған ортаны қорғау Жоспары аясында әзірленген және қабылданған.

ҚҚОҚЖ әзірлеу және барлық құрылыс барысында арнайы тәсілді қабылдау есебінен, мысалы, құрылыстың жұмыс сағаттарын қадағалау, тұрғындарға жұмыс барысы туралы, әсіресе шулы жұмыстар туралы ақпарат беру және барлық жұмыс барысында шу әсері мен вибрация деңгейін төмендетуге бағытталған озық құрылыс әдістерін қолдануды қамтамасыз ету, құрылыс шараларымен байланысты барлық жұмыстар жергілікті тұрғындарға барынша аз мазасыздық тудырады. Жеңілдетілген шаралар орындалатынын есепке ала отырып зардаптары айтарлықтай болмайды. .

### 1.7.9.2 ПАЙДАЛАНУ

Осы жағдайда жол маңында орналасқан сезімтал ецепторларға автомобиль қозғалысы шуылының әсері деңгейін өзгерутеге әсер етітін басты факторлар көлік ағынының көлемі, көлік құралдары қозғалысының жылдамдығы, үлкен жүк көтеретін көлік құралдарының үлесі, олар жиынтықтала отырып нақты құралдың шу шығару деңгейіне, сонымен қатар жолдан сезімтал рецепторларға шу тарататын жол профиліне әсер етеді.

Нақты кезеңде көлік ағыны туралы ақпарат жоқтыңқасы, бірақ тасымалдаудың қосымша көлеміне негізделе отырып, 2021 жыл (ашылу жылы) мен 2036 жыл аасындағы шу көзінің деңгейін ықтимал өлшеу 3 дБ асады деп күтілуде. Бұл ұзақмерзімді өзгеріс қолайсыз әсер етеді деп есептеледі, сонымен қатар Халықаралық қаржы корпорациясы (ХҚК) белгілеген шу шектеуі +3 дБ мөлшерінде.

Қозғалыс қарқындылығының қосымша есебі жолдан 200 метр қашықтықта орналасқан көптеген тұрғын жайлар бір сағатқа ХӨК шектеулі шу мөлшерінен LAeq деңгейінде (күндіз 55 дБ және түнде 45 дБ), тіптен 2036 жылыда. Дегенмен, жолға жақын (мысалы: жобаның ір соңғы орнында бар 100 метр шегінде орналасқан құрылыстар үшін, 2036 жылыда) орналасқан құрылыстар үшін шу деңгейі ХҚК шектеулі деңгейінен асып түседі деп болжанады.

Жоғарыда айтылған негізінде, шудың шамалы қолайсыз әсер ететіні мүмкін деген қорытынды шығаруға болады, әсіресе Жобаны әр бір тұйықталатын жерінде орналасқан тұрғын жайларға әсер ету мүмкін. Сәйкесінше әсер етуді барынша төмендету үшін, жақын жұрғын жайларды қорғау үшін жер буферлерін құру үшін қайта профилирленген жер жұмыстары түріндегі шу кедергілерін орнату қажет.

### 1.7.10 СУ ОРТАСЫ

Жоба бірнеше мезгілді ағындарды қиып өтеді, белгілі болғандай бұл жылдың көп бөлігінде құрғақ болып табылады, бірақ қар еруі және қатты жауын-шашын түсу кезінде су ағатын жылғалар. Сонымен қатар, жоба жер үсті каналын кесіп өтеді, аталған каналмен тазартылған ағын сулар ағады.

Жоба астымен, барлық қашықтық бойынша шамамен алғанда 60 дренажды құбыр (труба) салынған. Олар Жобаның бір жағынан екінші жағына жауын-шашын суларын, еріген қар суларын өткізеді. Қолданыстағы жолдан су қандайда бір өңдеусіз және су ағыны жылдамдығын төмендетпей көрші топыраққа ағып кетеді.

Құрты өзені қаралатын Р-18 және М-36 тас жолдары арасындағы жол өткелінен тікелей батысқа қарай ағады. Қапшағай су қоймасы Р-18 және А-3 арасындағы болжанған автомобиль өткелінен шамамен алғанда 2 км жерде орналасқан. Қапшағай су қоймасы – Қазақстандағы көлемі бойынша екінші үлкен өзен. Ол Қапшағай ГЭС қоректендіреді және өңірге негізсі су тасымалын қамтамасыз етеді. Жер асты сулары өңірдегі үлкен сумен жабдықтау көзі болып табылмайды, себебі сұрау



салынған фермерлердің бірде-бірінде құдық жоқ, олардың біреу жерасты суларын бұрғылауға рұқсат алғанын, бірақ ол ісі сәтсіз болғанын айтты.

#### 1.7.10.1 ҚҰРЫЛЫС

Жұмыстардың Құрты өзеніне жақын болуына байланысты, құрылыс жұмыстары кезінде нақты мезгілді ағынға және жерасты суларының ресурстарына кері әсеретуі мүмкін. Дегенмен, әсер етуі уақытша болуы ықтимал және алдын ала тиімді жұмыстар әдістері қабылданатындықтан және барлық өажетті рұқсаттар алынатындықтан ұзақмерзімді перспективада қауіп төндірмейді.

Бағалау бойынша, құрылыстың үш жылдық бағдарламасы аясында шамамен алғанда жылына 464.857 м<sup>3</sup> су қажет. Қандайда бір нақты су балансы есебінің жүргізілгені туралы бізге белгісіз, бірақ сәйкесті жергілікті билік органдармен және су бассейні инспекциясы Басқармасымен (Балхаш-Алакөл) талап етілген су қоры (ауыз су және шаруашылық қажеттіліктері үшін) мақұлданғаны белгілі. Құрылыс үшін су алу су ортасының сапасына әсер етуі екіталай, дегенмен құрылыс жұмыстары басталғанға дейін су балансын детальді түрде бағалау ұсынылады. ҚҚОҚЖ жоба бойындағы және жобаға жақын орналасқан жерасты және үстірткі су көздері пайдаланылмайды, себебі бұл жергілікті күнкөріс құралдарына әсер етуі мүмкін, себебі үй жануарларды су каналын ішу үшін пайдаланады.

Тұтастай алғанда, құрылыс жұмыстары қолданыстағы мезгілдік ағындардың арналары мен дренажды каналдарда жүргізілетіндіктен жергілікті жерлердің суға кетуі қауіп бар, бірақ қолданыстағы дренажды құбырларды техникалық ұстау тиісінше іске асырылатын болса аталған қатерлер қауіпті болмайды.

#### 1.7.10.2 ПАЙДАЛАНУ

Жоба көлік ағынын ұлғайтады, бұл өз кезегінде ластану қауіпін және жалғасатын жер үсті және жер асту су ағындарының тасуы қауіпін көтереді. Ағымдағы су айыру режимі сақаталады деп болжанады, дегенмен Жоба дренаж жүйесі мен тазалауды жақсарту ақылы жер үсті суларын өткізу сапасын жақсарту мүмкіндігін береді.

Жоба жол пайдаланушылар үшін және кей жерлерде локальді суға кету қауіпін келтіруі мүмкін арттыратын жер үсті суларының ағу көлемін және жылдамдығын арттырады, дегенмен жақсартылған дренаж жүйелерін пайдалану және ағын жылдамдығын төмендету су ағын жақсырақ бақылау мүмкіндігін береді.

#### 1.7.11 ӘЛЕУМЕТТІК ӘСЕРІ

Автожолдарды реконструкциялауға қажетті жер мемлекеттік резевтен алынады (159 га), мемлекеттік кәсіпорындардан ішінара алынған (176 га) және ішінара жеке және коммерциялық жер пайдаланушылардан, жалға алушылардан алынған (200 га). Негізінен жер қайта профильдеу үшін қажетті бес учаске үшін және Құрты ауылының қиылысы үшін, сонымен қатар жол бойында нақты жол санаты үшін көлденеңді сыртқы бейнесінің талаптарын қамтамасыз ету үшін биік үйінділер орналастыру үшін қажет. Өтемақы беру үдерісін Іле ауданының жерге орналастыру бөлімі мен Қапшағай әкімдігі жүзеге асырады. Өтемақы ДҚДБ 5 ЖТ сәйкес беріледі. Жоба екі құрылыс лагерін орналастыру үшін уақытша жерді жалға алуды қаастырады; бір лагерь Қапшаған қаласына салынады және екіншісі Құрты ауылының жанында орналастырылады. Лагерьлердің сиымдылығы мен өлшемі белгісіз, бірақ жұмысшылар ағыты күтілмейді.

Үй шаруашылығы, жекелеген тұлғалар және Қапшағай қаласы мен Құрты ауылы учаскесі бойынндағы аймақ негізінен келесі санаттарға жатқызылады:

- Шаруа қожалықтары, негізінен малшаруашылығымен және үй малдарын, жануарларын өсірумен айналысатындар (атап айтсақ негізінен жайылым жерлер);
- Жолға жақын жерлерде ауылшаруашылығы жерлері анықталған жоқ, кейбір ауылшаруашылығы жерлері жолдан тыс алыс орналасқан;
- Коммерциялық кәсіпорындар, соның ішінде бір дәмхана Құрты ауылына жақын жол қиылысында, асфальт өндірісі бйынша бір зауыт және жасырып кәсіпорын орналасқан;
- 2018 жылдың шілдесінде WSP компаниясының мамандары учаскеге бару кезінде қандайда бір жергілікті халықтар өкілдерін айқындаған жоқ.

### 1.7.11.1 ҚҰРЫЛЫС

Жоба үшін тұрақты және уақытша пайдалану үшін жер алу, жергілікті табыстары мен тіршілікті қамтамасыз ету деңгейіне кері әсер етпейді. Тек қана аздаған жер телімі ғана зардап шегеді деп күтілуде, және жер пайдаланушылар / жер иелері қалған жер теліміне қолжетімділікті жоғалтпайды. Көптеген жер телімдері жайылым жерлер санатына жатады және мал шаруашылығы, мал жаю үшін пайдаланылады. Жерді пайдалану және жер алумен байланысты басты әлеуетті әсер ету төмендегідей:

- Ірі қара мал жаю үшін алқаптардың қысқауына әкелетін жерлердің тұрақты жоғалуы;
- Уақытша жер пайдалану нәтижесіне қолжетімділікті уақытша жоғалту, атап айтсақ құрылыс коридоры, лагерьлер және ықтимал жаңа карьерлер;
- Кәсіпорындар үшін табыстың уақытша төмендеуі, егер клиенттердің қолжетімділігі, кәсіпорындар мен фермаларға апаратын жолда жабылса.

Жер алу туралы барынша толыққанды ақпарат тіршілікті қамтамасыз етуді қалпына келтіру

Қағидалары туралы (ТҚҚ) құжатта көрсетілген. Жоспар жер алғанға дейін және ДҚДБ келісілгеннен кейін 5ЖТ сәйкес жер иелерінің және жер пайдаланушылардың (ресми құжаттары бар және аталған құжаттар жоқтар) өтемақы алу және оларға қолдау көрсетілуін қамтамасыз ету бойынша тіршілікті қамтамасыз етуді қалпына келтіру бойынша іс шаралар (ТҚШЖ) жүзеге асырылады.

Құрылыс жұмыстары, сонымен қатар жер жұмыстары, бұрғылау-жару жұмыстары, материалдарды үгіту және көлік құралдарының қозғалысы жергілікті тұрғындарға біршама кедергілер келтіруі мүмкін. Құрылыс жұмыстарымен байланысты ықтимал басты әсерлер төменде көрсетілгендер:

- жергілікті тұрғындарға, әсіресе құрылыс коридорына жақын тұратындарға шудың әсер етуі;
- көлік ағынының ұлғаюымен байланысты жол-көлік оқиғалары;
- ауа сапасының нашарлауы және оның жергілікті тұрғындарға аздаған әсері (жер жұмыстарымен байланысты шаң-тозаң).

Құрылысқа уақытша жұмысқа орналасу жергілікті тұрғындардың осалдығымен және қылмыстың, маскүнемдіктің және т.б. ықтимал өсуімен байланыстырады. Жұмысшылар мен жергілікті тұрғындар арасындағы дау-дамаймен байланысты ықтимал әсер етуі орын алуы мүмкін, сонымен қатар лагерьлер салынатын Қапшағай қаласы мен Құрты ауылында кейбір әйелдер өздерін жайсыз, қолайсыз сезінуі мүмкін. Жоба жүргізілетін ауданға жұмысшылардың ағылуына байланысты қатерлер бар, дегенмен жұмыс күшінің көптеп ағылуы күтілмейді, сондықтан да шектеулі ағынмен байланысты әсерлер аз болады. Дегенмен, егер құрылыс жұмыс күші реттеймейтін болса, балалар еңбегімен, мәжбүрлі еңбекпен, нашар жұмыс жағдайларымен және еңбекке шағымданумен байланысты қиындықтар туындауы мүмкін. Бұл қатерлерді азайту үшін ДҚДБ 2 ЖТ сәйкес зардаптарды жеңілдету бойынша басты шаралар жүзеге асырылады.

Көптеген біліктіліксіз және біліктілікті жұмыс орындарына ер адамдарды жалдау жобаланған. Дегенмен, жергілікті әйелдер жатақханалардан, тұрақтауға арналған лагерьлерден, қызмет көрсету саласынан және әкімшіліктен жұмыс таба алады. Сонымен қатар, жоспарлау бойынша техникалық жұмыстар жүргізу, Жобаны жобалау және карталау жүргізу үшін Алматыдан сарапшы-әйелдерге мүмкіндіктер ұсынылады.

Осал тұлғалар 31 жер пайдаланушының қатарына кіреді (мемлекеттік жер пайдаланушыларды қоса алғанда), олар Қазақстандағы қолданыстағы ұлттық өтемақы беру рәсімдерімен байланысты ешқандай өтемақы ала алмайды. Сонымен қатар, әйелдер (дәстүр ерекшеліктеріне байланысты консультацияға бара алмайтындар және өтемақы талап ете алмайды), қарт адамдар, мүгедектер және созылмалы аурумен науқас тұлғалар немесе әлеуметтік – экономикалық мәртебесі төмен тұлғалар / олардың шығу тегі Жобаның әсеріне сезімтал және «Осал топтар» санатына жатады.

Егер Жоба құрылысының әсері мен осал топтар үшін жер алу (жер пайдаланушыларды қоса алғанда) реттелмесе, олар маңызды болмауы мүмкін. Осал топтарға ықтимал әсер етудің алдын алу үшін Жоба ТҚШЖ жүзеге асырады және Жоба барысында проблемалар мен қажеттіліктерді есепке алуды қамтамасыз ету үшін консультация жүргізеді.

### 1.7.11.2 ПАЙДАЛАНУ





Жала жол осы аймаққа жаңа инвестициялар әкелуі мүмкін, және де жер бағасының өсуіне әкелуі мүмкін. Жаңа жол Еуропа мен Қытай арасында жүру уақытын қысқартады және жол пайдаланушыларға Алматы мен Қаскелеңді (Алматыдан 30 км қашықтықта орналасқан) айналып өтуге мүмкіндік береді. Сонымен жаңа жол өңіраралық сапар үшін негізгі бағыт болады, ал жол қозғалысы учаскесі санының өсуі жергілікті кәсіпорындар мен фермерлерге қосымша табыс әкеледі. Жергілікті тұрғындар нақты Жобадан кейбір әлеуметтік табыс алады, атап айтсақ:

- Жол қиылыстары жарықпен қамтамасыз етіледі;
- Жаңа жолдың бойына автобус аялдамалары және орындықтар орналастырылған демалу аймақтары салынады;
- Жаңа жол барынша қысқа бағытты ұсынады, және нәтижесінде басқа аймақтарға сапар шегу тез болады;
- Осы ауданның жергілікті тұрғындарының қосымша инвестициялары тартылады, себебі жаңа дүкендер, мейрамханалар, жанар-жағармай құю станциялары және т.т. ашылуы мүмкін.

Жергілікті әйелдер үшін жұмыс орындарына тұру, оқу және машықтанудан өтудің көптеген мүмкіндіктері ұсынылады, жаңа жол пайдалануға берілгеннен кейін басқа өңірлерге қолжетімділік арта түседі. Дегенмен бұндай мүмкіндіктер көп болмайды деп күтілуде.

Жобаның жедел әсері минималды, сонымен қатар әлеуметтік тиімділік, пайда (жұмыспен қамту мен инфроқұрылымды жақсартуды қоса алғанда) күтілуде.

## 1.8 ЖИЫНТЫҚТЫ ӨСМЕРЛЕРДІ БАҒАЛАУ

Жиынтықты әсерлер:

- Жобамен байланысты салдарлар арасындағы өзара әрекет; және/немесе
- Жобаның зерттелетін өңірдегі бір немесе бірнеше оқиғалармен байланысты салдарлардың өзара әрекет жасау.

Құрылыстың және пайдаланудың барлық кезеңіндегі жиынтықты әсерлер қолайсыз әсер болуы мүмкін оқиғалар ретінде анықталған. Бұл салдарлар қысқаша 1 Кестеде көрсетілген.

### 1 кесте – Жиынтықты әсерлердің қысқаша сипаттамасы

Жиынтықты әсерлердің сипаттамасы	Уақытша сатысы	Экологиялық тәртібі	Салдарлардың қысқаша сипаттамасы
Жобамен байланысты салдарлар арасындағы өзара қарым-қатынас.	Құрылыс және пайдалану	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ауа сапасы;</li> <li>• Шу және вибрация;</li> <li>• Қозғалыс және көлік</li> <li>• Ландшафт және сыртқы бейнесі;</li> <li>• Әлеуметтік;</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жергілікті кәсіпорындар мен фермалар үшін құрылыс және пайдалану барысында шудан, шаң-тозаңнан, көрнекі әсерден және қозғалыстың көбеюінен туындаған қолайсыздықтар мен мазасыздықтар;</li> <li>• Кәсіпорындар мен шаруа қожалықтарына құрылыс жұмыстарының сыртқы келбетінің ұнамауы ықтималдығы;</li> <li>• Құрылыс және пайдалану барысында жер ұшыратын шаң-тозаң мен қоқыстардың кәсіпорындар мен шаруа қожалықтарына әсері.</li> </ul>
Жобаның және Жобаға тікелей жақын орналасқан басқа жобалар арасындағы өзара	Құрылыс және пайдалану	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ауа сапасы;</li> <li>• Шу және вибрация;</li> <li>• Ландшафт және</li> </ul>	Жобамен байланысатын екі жол бар. Қапшағай қаласының шетіндегі ЖОЖҚ учаскесіне реконструкция жүргізілген және осы уақытта



**Жиынтықты әсерлердің сипаттамасы**

**Уақытша сатысы**

**Экологиялық тәртібі**

**Салдарлардың қысқаша сипаттамасы**

қарым-қатынасы.	сыртқы бейнесі	қолданысқа енгізілген. Жоба басталғанға дейін аталған реконструкция аяқталуына байланысты, ол бағалау үшін соңғы орта болып табылады, сондықтан да жиынтықты әсерді бағалау талап етілмейді.
	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Биоәралуандылық және тірі табиғи ресурстар;</li> <li>• Геология және топырақ</li> <li>• Су ортасы;</li> <li>• Материалдық ресурстар және қалдықтар.</li> </ul>	Құрты ауылының шетіндегі М-36 жолы осы Жобаның учаскесіне телінген «Құрты-Бұрубайтал» жобасының 228- километрiнiң бөлiгi болып табылады, осы уақытта ДҚДБ қаржыландырылады, және де 2019 жылдың аяғында / 2020 жылдың басында аяқталады. Сонымен iшкi жобалық жиынтықты әсерлер үшін потенциал бар.

## 1.9 ҚОСЫМША АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚАТЫНАС ДЕРЕКТЕРІ

ӨЭӘЕ бойынша нақты Қосымша есепті қоса алғанда Жобамен байланысты құжаттарды.

- Қазақстан Республикасының инвестициялар және даму Министрлігінен;
- «ҚазАвтоЖол» АҚ «ҰК» «ҰК», сонымен қатар
- ЕҚДБ алуға болады.

Бұл құжаттардың электронды нұсқалары келесі веб-сайттардан (жариялау кезеңінде) ең кемі 120 күн қолжетімді болады:

- Қазақстан Республикасының инвестициялар және даму Министрлігі: <http://mid.gov.kz>;
- «ҚазАвтоЖол» АҚ «ҰК»: [www.kazautozhol.kz](http://www.kazautozhol.kz); а также
- ЕҚДБ веб-сайты: <http://www.ebrd.com>.

«ҚазАвтоЖол» АҚ «ҰК», Жобаны жүзеге асыруға, ұйымдастыруға жауапты тұлғасының қатынас ақпараты 2 кестеде ұсынылған

### 2 кесте – «ҚазАвтоЖол» АҚ «ҰК» жауапты тұлғасының қатынас ақпараты:

#### Қатынас ақпарат

Аты	Алия Зейнуллина
Лауазымы	«ҚазАвтоЖол» ҰК »АҚ-ның« Құрылыс дирекциясы »экологиялық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі маман
Телефон	+7 701-982-66-57
Мекен-жайы	Республика даңғылы 24, Астана
Эл.мекен-жайы	<a href="mailto:a.zeinullina@kazautozhol.kz">a.zeinullina@kazautozhol.kz</a>
Веб-сайт	<a href="http://www.kazautozhol.kz">www.kazautozhol.kz</a>



2 Лондон сквер  
Кросс лейнз  
Гилфорд, Суррей  
GU1 1UN

**wsp.com**